

374-39.

2. Қозыбаев М.К. История и современность. Алматы: 1991;

3. Елеуов М. Ескерусіз қалған ескерткіштер. Түркстан, 2005, 69-78 бб.

4. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. Алматы, 1987.

5. Қожа М. Иасы-Түркістан тарихы. Алматы. 2000, 4-7 бб

ҚОСТАНАЙ Өңірінен шыққан Барақ батырдың кесенесі

Қайырғали Нұрымжан, «Тарих» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: тарих магистрі, **Тастекова Гульдана Батталовна**
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасын іске асыруға ерекше көңіл бөлді. Өйткені, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – сан мың ғасыр өтсе де, кез-келген рухани жұтандықтан аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», – деді. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Осы күні Қостанай облысы аумағында орасан зор маңызға ие 20-ға жуық тарихи-мәдени нысан бар. Солардың бірі – Сарыкөл ауданы, Сорочин ауылдық округінің Крыловка ауылынан 16 шақырым жерде орналасқан жұртшылық киелі, қасиетті жер санайтын орын бар ол Барақ батыр кесенесі [1, 3б.].

Тарихтан тағылым алып, тұлғаға тағзым ету мақсатында Сарыкөл ауданына сапарлап барғанда, көргеніміз көп, көкейге түйгеніміз де аз болмады. Басты мақсатымыз – Барақ батыр кесенесімен танысу еді.

Барақ Жанұзақұлы (Қабалуанұлы) шамамен XVII-XVIII ғасырларда, яғни 1696 жылы, кейбір деректерде 1722 жылы, қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Алдияр ауылында туған. Өлген жылы белгісіз. Әкесі Жанұзақ Қарабалуан есімімен мәшһүр болған түйе балуан. Қарабалуан мен Жәнібектің үшінші аталары Сарыжетім мен Шақшақ бір туған. Қарабалуан мен Дәуітбай егіз қозыдай болған. Қарабалуан 18 жасында батыр атанған [2, 238 б.].

Барақ батыр ерекше қабілетті, әскербасы, Абылай ханның серіктесі болған. Ол атақты қолбасшы Қарабалуан Алдиярұлының үшінші ұлы болған. Оған Төле бидің туған немере қарындасы болып келетін, анасы Жасқаннан емшілік қабілеті қонған [3, 6 б.].

Әкесі яғни Барақ батырдың атасы Алдиярдың ата – мекені Обаған өңірі болған. Үш баласы болған: Қожамжар, Қарабалуан, Өмірзақ. Алдияр атамыздың құлақтан жоғарырақ бір кішкене жерде шаш өспейтін болған. Осыны ағасы Мадияр меңзеп оны таз деп атады. Содан бері ұрпақтары таз атанып кеткен. Алдияр-таздардың мекені Қостанай облысы Обаған өзенінің бойында және Торғайда Сарыадыр тауын, Мойылды атты өзенінің бойында тұрады. Жақында Таздардың шежіре кітабы шықты, өзіндік Алдияр атты қоғамдық бірлестігі бар. Тарихта мәңгі орын алған белгілі тарихи тұлғаларымыз баршылық. Олар Шоқай би, Барақ батыр, Ақмалай би, Алтай батыр, Беген Жазыұлы, Жазы би Жаңұлы, Қарабалуан батыр және т.б. [4, 33б.].

Қарабалуан 1688 жылы дүниеге келген. 18 жасқа толғанда қалыңдығын іздеп шығады. Ол елге барса жау шауып, ел жігіттері қашып барады екен, соларды тоқтатып, өзі қол бастап, қалмақтың батырын өлтіріп, жауды жеңеді. Жауды жеңген хас батырға ауылдың көрікті қызы қымыз ұсынады. Риза болған жігіт қандай бұйымтайың бар, деп айтады. Сонда ақылды қалыңдығы «үстіме әйел алма, денеме қамшы салма» депті. Бұл Төле бидің жиені – Жасқана еді. Содан батыр сертін өмір бойы бұзбапты. Қостанай, Торғай өңірінде батырдың 800 аса отбасылық ұрпағы тұрады [5, 243 б.].

Батырдың Қарабалуан аталуы 12 жасында Кіші жүздің түйебалуанын жеңгенде берілген. Патшалық Ресей қол астына кіруге қол қойған 56 ру ақсақалдарының ішінде, екінші болып Қарабалуан, 45-ші Жәнібек қол қойған, содан олардың өз заманының көсем тұлғалары болғанын білуге болады. Қарабалуан Жәнібектен бұрын қайтты. Қарабалуанды Жәнібек Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерлеп, өзіне де жер қалдырады, кейін ұрпағы оны сонда жерлейді.

Барақ Жанұзақұлы 1740-1758 жылдары қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан азат ету жолындағы Ордабасы жиынына, Бұланты, Аңырақай шайқасына қатысқан. Барақты Бұқар жырау өз жырында батырлар санатында атайды. Барақ Қарабалуанұлы Абылай ханның қасында болып, хан сенімін ақтаған [5, 244 б.].

Батырлығымен қатар емшілік, көрегендік қасиеттерімен де халыққа кең танылған. Аттан құлап, белін, аяқ-қолын сындырған адамдардың сүйектерін орнына салып, теріге, киізге орап тез жазады екен.

Барақты халық қара күштің иесі деп таныған. Шайқастарда Барақ батыр қолбасшылық, тапқырлық, айлакерлік талантымен көзге түседі, тікелей өзі ұрысқа кіріп, найзамен орыс-казактарын бір соққаннан ер-тоқымынан домалатып түсірген.

Барақ Жанұзақұлы (Қарабалуанұлы) Емельян Пугачев бастаған шаруалар соғысына, одан кейін Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, батырлығымен аты шыққан. Оған тәуіпшілік шешесі Жасқаннан берілген. Сол кездерден бастап Барақ батыр туралы аңыздар тарала бастайды. Мысал ретінде айтар болсақ Барақ батыр қоғамдық өмірге белсенді қатысқан, сондықтан ол жайлы естеліктер халық аузында аңыз болып таралып кеткен. Барақ батырды халықта «әулие» деп атағаны жай емес. Оның философиялық принципі – Құдіретті Құдайдың алдында әлеуметтік жағдайына, ұлты мен дініне қарамастан бәрі тең. Барақ батырдың даналығы, ерлігі мен әділдігі ел есінде қалды. Ол халық берген «әулие» атағын алды [6, 8 б.].

Тарих сахнасына «Барақ» деген есім бірнеше рет қайталаанады. Олардың біреуі сұлтан, екеуі батыр және төртіншісі біздің жерлес Барақ Қарабалуанұлы. Шыңғыс ханнан бері келе жатқан тәртіп бойынша хан, төре және сұлтан атақтары «ақ сүйек» тек Шыңғыс тұқымына беріледі. Ал қарапайым халық өз еңбегімен тек батыр, тархан аттарына ғана ие бола алады. Барақ есімі Ресей мен ресейлік Е. Пугачев бүлік кезінде атала бастады. Оған дейін Барақ пен Дәуітбай жаугершілікте 1745 жылы ұлы Шер шайқасына да Абылай көзіне түскен еді. Орта жасқа жеткенде хан бұларды кеңесші, қолбасшы деп таныған [7, 11 б.].

Абылай ханнан патша да бүлікшілер де көмек сұрайды. Бірақ кеше ғана қалмақты жеңіп, етек – жеңін жинаған қазаққа бұл соғыс керек емес еді және екі жақтың соғысы қазақ жеріне ауысып халық берекесін алама деген де қауіп туады, сондықтан екі жақтың көңілін қайтармай, хан айлағы көшуді ойлайды. Патшаға Абылай «Менің сарбаздарым Ресей мен қазақ шекарасындағы бекіністерді алмайды, тек қоршайды. Бекіністегі солдаттар мен олардың отбасыларына жамандық жасамайды, ал Пугачевті бұл бекіністерге жібермейді, сөйтіп ол солдаттарды өзіне ерте алмайды», - деп түсіндірді. Ал Пугачевке «Шекарадағы бекіністерді алуға сарбаз жіберем деп хабар береді» [7, 11 б.].

Орыс пен қазақ шекарасына Абылай екі топты жеберді. Бірінші топты Шақшақ Жәнібектің ұлы Дәуітбай 4 мың әскермен Орта жүз бен Ресей шекарасына, екінші топты 2 мың әскермен Барақ батыр Кіші жүзбен Ресей шекарасына аттандырады (Барақ батыр сұлтан Барақпен аттас болғасын, көмекке Барақ сұлтан келіп Пугачевке көмектесіп жатыр деген әңгіме тарайды, хан тапсырмасы бойынша Барақ оған наразылық танытпайды). Бұл уақытта Барақ сұлтан қартайып, бұндай іске жарамайтын еді. Бұл жоспардағы ханның ойын түсінген Бараққа Абылай «Өзің батыр, өзің әулие екенсің ғой. Сені ел емші – батыр, бақсы – балгер деуші еді, «Мен әулие батыр деп атаймын», - дейді. Абылайдың бұл сөзінің жаны бартын, өйткені Барақ шешесінен емшілік, бақсылық білімдерді үйренген болатын [8, 4 б.].

Екі тапта бекіністерді қоршайды, бірақ шабуылдамайды. Тек бекіністердің көбіне патшадан хабар болмағандықтан Дәуітбай мен Барақ сарбаздарына солдаттар қарсылық көрсетіп, зеңбірек атады. Ондайда сарбаздар жауап беріп, тұтқындар алған, бұл әрекеттеріне

хан ашуланып, тұтқындарды ордаға алғызып, кейін қазақтарға айырбастаған. Осы шағын тойтарыстарда Барақ тапқырлық тауып, үлкен жанжалға ауыспауын бақылап отырған.

Пугачев жеңілгеннен кейін Сырым батыр ұлт-азаттық күресін бастайды. Барақ 2 мың әскермен оның қол астына барып, отарлаушылармен күрескен. Сырым батырдың қайтыс болғаннан кейін, Барақ Кіші жүзден, Пугачевтің сарбаздарынан оншақты отбасыларын алып Қостанай облысы жеріне оралады. Өзімен Федор деген орыс мұжығын ертіпәкеледі. Ол бүлікшіл болып ақырында Барақпен жекпе – жекте белі сынып, Барақ емдеп шығарады. Енді «атыссақ, мен жеңер едім», деген Федордың әңгімесін құлағына жеткен Барақ, тұрысатын жерін белгілеп, жереби бойынша Федор атады. Сол атқанда «Батырды атып тастадым», деп жан ұшырып келген Федор, күлімсіреп, қолында ыстық оқты ұстап тұрған Барақты көріп таң қалады. Содан Федор өмірінің соңына дейін Барақтың айтқанынан шықпапты. Барақ болса Федордан ерте қайтыс болады. Барақты жерлегеннен кейін батырдың айбалтасын сұрап алып, оны үйінің іргесіне тіреп қойған.

1996 жылы Қостанай өңірі Барақ Жанұзақұлының үш жүз жылдық мерейтойын атап өтіп, батырдың ұрпақтары басына ескерткіш күмбез орнатты.

Ескерткіш жанына құдық пен тәуіп етушілерге арналған үй салынды. Мазардың сәулеттік құрылысы – порталды-күмбезді. Құрылым тұрғысынан 8,5*6,5 м болатын тікбұрыш, құрылымның бұрыштары шығыңқы бағандарға екпінделген. Портал биіктігі – 3,6 м, өзге де құрылымдардың биіктігі – 3м. Ескерткіш силикатты кірпіштен, цоколь, бағандар – керамикалық кірпіштен жасалған. Күмбез дулыға түрінде, мысталған темір жапырақтарынан жасалған. Барабан ағаш қаңқаның үстіне жамылған мысталған темір жапырақтарынан жасалған. Күмбез биіктігі – 6 м. Басты алаң оңтүстік-батысқа қарай орналасқан, үш бағандармен безендірілген, ортаңғы бағанында жерлеу уақытынан сақталып қалған, арабша жазу жазылған темір плита орналасқан. Жанында орналасқан алаңдар да бағандармен безендірілген. Солтүстік-шығыс алаңда екі бағанмен безендірілген есік орналасқан. Құрылым ішінде, солтүстік-шығыс қабырғасына қарай жерлеу құлпытасының бөлігі. Мазар темір қоршаумен қоршалған, бастапқы алаң алдында жазуы бар гранит тақтасы орналасқан [9, 212 б.].

Қостанай облысының Сарыкөл ауданы Крылов ауылынан солтүстікке қарай 14 км жерде орналасқан Барақ әулие батырдың зиратына екі ғасырдан астам уақыт мұсылман қауым әдейі келіп, Барақ батыр зиратының басында түнеп, мал шалып, құран бағыштап, тілек тілейді. Осы тұста көпшілік келіп сыйынатындай қандай кісі деген ой кімді де болса бір ойландырмай қоймасы анық.

Абылай ханның үзенгілесі, сенімін ақтаған, қазақ байрағын биікке көтерген өзі батыр, өзі әулие Барақ батырдың жер бесігі орналасқан Сарыкөл ауданы ғана емес сонымен қатар бүкіл қазақ жұртты батыр есімін есімізден шығармай келешек ұрпаққа насихаттай білуіміз басты міндетіміз. «Әулие» деген атаққа лайық деп хан Абылайдан бастап, қазіргі халыққа дейін мойындап бағалай білген асыл ердің, моласы да мол мұра. Осындай қасиетті де киелі жерде, өз мәңгілік орнын тапқан адам жатыр, ол кісі адамдарға тәң ұлы қасиеттерді нығайту арқылы өз қатарластарымен өзінен кейінгі келер жас ұрпаққа әділдіктің, бейбітшіліктің және бірліктің өскінін әкеліп көрсетті. Ендігі кезек жас ұрпақ еншісінде осындай өскінді көрсеткен ұлы тұлғаның еңбегін ақтамау ол үлкен абыройсыздықтың белгісі, сондықтан қазіргі жаһандану үрдісінде осындай киелі жерлермен, ұлы тұлғаларды насихаттау біздің парызымызбен міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шайсұлтанова, М. Туған жер - киелі мекен: (Барақ батыр кесенесі) / М. Шайсұлтанова // Сарыкөл. - 2017. - 19 қазан. - б. 3.
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.
3. Дүтпаев, С. Барақ батыр: (батыр кесенесінің тарихи негізі) // Сарыкөл. - 2017. - 17 тамыз. - Б. 6.

4. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған) – Алматы. «Ана тілі» апталығы – «Атамұра», 1994. 160 бет.
5. Кустанайская область. Энциклопедия. Алматы, 2006, 243-244 б.
6. Сулейменов М. Барак-батыр третий, самый мудрый //Казахстанская правда.-1997.- 26 марта. с. 8.
7. Сапаров Ж. Барак батырдыңнайзасы // Парасат.- 1993.-№6.- 11 б.
8. Сулейменов М.-Х. Қарабалуан мен Барак-батыр // Қостанай таңы.- 1994.-5 шілде, 4 б.
9. Қазақстан тарихы: Этникалық зерттеулерде, 10-том, 2011 ж. 212 б.

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ КАРАКАЛПАКСТАНА

Кенесбаев О., базовый докторант Каракалпакского научно-исследовательского института гуманитарных наук
Каракалпакского отдела АН Республики Узбекистан
Научный руководитель: к.и.н. **Джумашев А.**
г. Нукус, Республика Каракалпакстан

Общественные организации Каракалпакстана начали возникать еще в довоенный период. Первые добровольные объединения граждан были инициированы советской властью. В 1920-е годы партийно-советскими органами была спущена директива о формировании комсомола и профессиональных союзов, затем – Союза «Кошчи», ОСОАвиахима, Союза безбожников и т.д. В каракалпакской историографии вопросы образования подобных организаций изучены разрозненно, имеются ряд научных трудов по теме [1], фрагментарно изучается в работах Я.Досумова, Ш.Бабашева, А.Сабирова, А.Абдужалиева, Р.Курбанова, З.Биккуловой, Р.Қалбаевой, Б.Кетебаевой [2]. В последние годы к данному вопросу обратили внимание Я.Абдуллаева, Т.Кудиярова, Б.Мамбетов и др. [3].

Согласно изученных материалов, довоенный период общественные организации не имели какого-либо влияния на общественно-политические процессы, оставаясь группой товарищей во власти, не имея влияния на основную массу населения. Однако финансируемые государством такие общественные организации как комсомол, профессиональные союзы, женские комитеты были «встроены» в государственный механизм управления, имели вес в системе командно-административного управления. Во время войны деятельность многих из них была свернута, лишь в 1950-е годы началась организация общественных объединений, творческих союзов, физкультурно-спортивных обществ. Как и прежде, большую финансовую «подпитку» получали комсомол, профсоюзы, женские комитеты, однако постепенно идет организация новых общественных объединений. Например, одной из первых попыток организации общественной организации в Каракалпакстана в послевоенный период была предпринята в 1948 году, когда вопрос об обществе художников стал предметом обсуждения в государственных органах республики. Этому способствовало письмо за подписью заместителя председателя Союза художников Узбекистана Неймана, который 22 сентября 1948 года от имени Союза советских художников Узбекистана обратился с письмом к секретарю ЦК обкома КП(б) Узбекистана С.Камалову и председателю СНК ККАССР П.Сеитову об организации специального отделения Союза художников в г. Нукусе. В письме указывалось, что основной целью является «творческое объединение всех художников, находящихся на территории Каракалпакии, выявление народных мастеров по орнаменту и резьбы по дереву, фиксирование богатейшего этнографического материала по орнаменту, костюму,